

Нұрлы-көш орта мектебі КММ

Қамқоршылық кеңестің №2 отырысы хаттамасы

Өткізілген күні: 03.03.2022

Өткізілген орны: Нұрлы-көш орта мектебі КММ

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, кеңес мүшелері

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. «Қауіпсіз мектеп – қауіпсіз бала» балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған іс-ашаралар
2. «2021-2022 оқу жылындағы 11 класс түлектерінің ҰБТ-ға дайындығы туралы» баяндама.
3. Наурыз мерекесін атап өтудегі ата-аналар рөлі

Тыңдалды:

Кеңес төрағасы Әліп А.Е. жиналғандарға бүгінгі жиынның күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды.

- 1.1. Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша ДТІЖО Коразбекова М.К. сөз алып, мектептегі қауіпсіздік мәселесі, бақылау камералары мен кезекшілік туралы, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған іс-шаралар туралы айтып өтті. Бастауыш класс оқушыларымен «Қауіпсіздік ережесін сақтаймыз» тақырыбында іс-шараларда қауіпсіздік туралы кеңінен түсіндірілді. «Жолда жүру ережесін білеміз бе?» тақырыбында сурет байқауы өткізілді. Жоғарғы класс оқушыларына «Жолдағы қауіп – жас талғамайды», «Интернеттегі қауіпсіздік» тақырыптарында шара өткізіліп, қауіпсіздік бойынша кеңінен түсінік берілді. Сонымен қатар, видеороликтер, презентациялар арқылы ата-аналарға да балаларға қатысты әртүрлі қауіп-қатердің алдын алу мәселелері түсіндірілгенін айтты.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша сөз алған директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Отаралина Н.М. «2021-2022 оқу жылындағы 11 класс түлектерінің ҰБТ-ға дайындығы туралы» баяндама оқыды: «ҰБТ-жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына түсуге арналған іріктеу емтихандарының бір нысаны» деп ҚР Білім туралы Заңында көрсетілген. 2021 жылғы наурыздан бастап ҰБТ электронды форматқа көшірілді. «Электрондық формат» дегеніміз оқушылар ҰБТ-ны арнайы компьютерлермен жабдықталған тестілеу орталықтарында ҰБТ тапсырады. Егер бұрын әр оқушының алдында тест тапсырмалары жазылған қағаз кітабы болса, енді кітаптың орнына тест тапсыратын дербес компьютер болады. Жаңа ережеге сәйкес, мектеп оқушылары ҰБТ-ді 2 рет тапсырып, ең жақсы нәтижесімен грант

алу конкурсына қатыса алады. Сонымен қатар, енді тестілеудің нәтижелерін алу үшін кешке дейін күтудің қажеті жоқ, талапкер тестілеу нәтижесін сол бойда алғаннан кейін, қажет болған жағдайда, бірден апелляциялық шағым беруге құқылы». Сонымен қатар, ДОЖО бейіндік пәндердің сұрақтары, балдағы өзгерістер туралы айтты.





Наурыз мерекесін тойлаудағы ата-ананың рөлі мәселесі бойынша кеңес мүшесі, ардагер ұстаз Жубанышова З.К. сөз алды.

Жыл үзілістен кейін тойланғалы тұрған Наурыз мерекесіне барлық ата-аналар атсалысатынына сенемін. Сондықтан, ата-аналарға қазірден бастап іс-шаралар жоспарын беріп, дайындалуына мүмкіндік берген дұрыс – деді ардагер ұстаз. Сонымен қатар, кеңес мүшелері ата-аналар тарапынан ұмыт қалған дәстүрлер сахналанса, балаларға да ұлттық тәрбие беруге үлкен үлес қосылғаны екендігін айтты.

Кеңес соңында қаралған мәселелер бойынша қаулы қабылданды.

ҚАУЛЫ:

1. Мектептегі балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған жағдай мен іс-шаралар «қанағаттанарлық» деп танылсын.
2. «2021-2022 оқу жылындағы 11 класс түлектерінің ҰБТ-ға дайындығы туралы» оқу орынбасарының мәліметі қанағаттанарлық деп танылсын. Балалардың толыққанды дайындалуына мектеп әкімшілігі тарапынан жағдай жасалсын.
3. Наурыз мерекесін атап өтуге арналған іс-шаралар жоспары бекітілсін. Ата-аналардың қатысуына басты назар аударылсын.

Төраға:		Әліп А.Е.
Орынбасары:		Жолмағамбетова Н.Ж.
Мүшесі:		Сыдық А.Б.
Мүшесі:		Жубанвшева З.К.
Мүшесі:		Бижанова Ж.К.
Мүшесі:		Шуканова Н.Н.
Мүшесі:		Талманова А.
Мүшесі:		Абишова Н.Р.
Мүшесі:		Избасқанова С.Е.
Хатшысы:		Коразбекова М.К.